

ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙЫРИДЫҢ «ЖАМИ’АТ-ТАУАРИХ» ШЕЖІРЕСІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ авторларының қаламынан шыққан бізге жеткен тұңғыш тарихи шығарма – Қадырғали бидің жылнамалар жинағы, яғни «Жами’ат-тауарихы».

Біздің зерттеуімізге шежіренің синтаксистік ерекшелігі негіз болғандықтан, ең алдымен оның тілі туралы зерттеулерге назар аударып көрейік. Еңбектің тіліне байланысты әр түрлі пікірлер бар. М.Усманов, И.Н.Березин шығарма тілі татар диалектісімен жазылғандығын айтса, Т.Қордабаев «Тарихи синтаксис мәселелері» атты еңбегінде... «Қадырғалидің еңбегі сол кездегі ортақ кітаби тілде жазылғандықтан, авторының қазақ болып отырғанына қарамастан, оғыз, қыпшақ болып жататын тілдердің көпшілігіне ортақ»,-деген. З.А.Хисамиева «Язык дастанов Кадыр-гали бека» атты кандидаттық диссертациясында шежіренің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктеріне талдау жасай келе, кейбір тұлғалар нағыз татар тіліне тән» деп көрсетеді [1, 8-9].

Р.Сыздықованың айтуынша Қадырғали туындысы тілінің лексикалық негізін қыпшақ тобына жататын түркі сөздері құрайды. Мысалы, өзге түркі ескерткіштерінде ау, ел / ал, ев / еу болып келетін сөздер Қадырғали туындысында аң (аңға чықты, аңға атланды), қол, үй түрінде қыпшақша, оның ішінде қазақша тұлғада жұмсалған. Сонымен бірге, шежіре тілінде кездесетін қыз берді, ажабақа қалды, фарман қылды, кіріфтарлық чекті, хуш келді деген тіркестер, балдызлай берді, ол хатунын йеңгелете алды, сөзінден чықмады деген фразеологизмдердің біз әңгіме етіп отырған шежіре тіліндегі беретін мағыналары мен тұлғалық көрінісі, жұмсалатын орындарына қарай қазіргі қазақ тілімен дәлме-дәл түсетіндігін айтады.

Қадырғали жылнамасы тілінде қазақ тіліне тән емес, немесе қазіргі нормаға сай келмейтін сөздер мен тұлғалардың, тұрақты тіркестердің аз емес екендігін де ескереді. Әсіресе фонетикалық тұлғалануы бөлекше йағмур (жаңбыр), тигәр (тиер), тағ (тау), туғды (туды), сығыр (сиыр), төгүрек (төңірек) сияқты көне сөздердің жақша ішіндегі сол кездегі қазақ авторының ана тіліне тән варианттарымен қатар қолданылғаны байқалады.

Ескерткіш тілінің лексикалық қазынасына тән тағы бір сипат ретінде сөздердің жарыспалылығы, яғни бір мағынадағы сөздің көне-жаңа, қыпшақтық-оғыздық, түркілік-арабтық, түркілік-парсылық түрлері ретіне қарай бірінің орнына бірі қолданыла бергендігі көрсетіледі. Мысалы, «әмірші» мағынасындағы бек, әмір сөздерін кейде қазақтың аға сөзімен алмастырып атайды: мың бегі / мың ағасы. Р.Сыздықова жылнама тексінде монғол, қытай сөздері де болғандығын атап айтты. Бұларға монғол тілінің нойан, гүрген (күйеу бала), боқаул, қорчы, йарғучы, сечен, казик екечі сияқты сөздері жатады. Отчигин (кенже бала), буржуқин (көк көзді) сияқты бір-екі сөз сипаттама этитет болып келеді. Монғолша жеті атаның аттарын, жыл аттарын білдіретін сөздер бар. Шежіре тіліндегі қытай сөздері көп емес, 5-10 сөз: тайши- мемлекеттік дәрежеде мәртебесі бар ақсүйек дегеннің баламасы, гөйәң-ұлы әмірші, анши-түмен басы, гөрхан-хандардың ханы, уаң-патша т.б. Индоевропа тілдерінен жалпы есімдерден көрәл-корольдық және улкрстан-христиандар деген екі сөз бар [2,115-117].

Грамматика саласына келсек, Р.Сыздықова Қадырғали жылнамасының тілі шағатай тілі нормаларын сақтағандығын, ал Т.Р.Қордабаев ноғай, оғыз, қыпшақ группаларына жататын сөздердің қолданылғандығын алға тартады:

1) Ілік, табыс, шығыс септік жалғауларының қазіргі қазақ тіліндегідей фонетикалық варианттары жоқ, олар сөздің соңғы дыбысының дауысты, қатаң, ұяң болып келетіндігіне қарамастан, бір ғана тұлғада (-ның / -нің, -ны / -ні, -дан / -ден, -дын / -дін) жалғанады. Тек барыс септігі қатаң –қа /-ке және ұяң –ға /-ге болып түрленеді [2, 119].

Ілік, табыс, барыс септігі септігі жайлы Т.Қордабаев: Ілік, табыс жалғауларының тек –н дыбысынан басталатын түрі ғана бар, түбір сөздің соңғы дыбысына қарай түрленіп айтылатын –д, -т дыбысынан басталатын түрлері кездеспейді: атның, атны, ұрұшның, ұрұшны, Керәйтнің, Керәйтні (Керейді). Жалғаулары қатаң дыбыстан да (-к, -к), ұяң дыбыстан да басталып отыратын барыс септігінің өзінде де ілгерінді ықпал заңы сақталмаған: халыққа, язның, құллықдин, мемлекетде, уақытдан, сүтүнні, табұнмақны, тарафға, тарафка, т.б. деп тұжырымдайды [3, 34].

2) III жақтағы тәуелдік жалғаулы сөзге жатыс, барыс, шығыс септік қосымшаларының арасына қыстырма-дәнекер н дыбысы қосылады: хақ йол+ы+n+да, хақ йол+ы+n+a, душманлар+ы+n+a, ата+сы+n+дан. Бұл-қыпшақ тілінің заңдылығы. Сонымен қатар Қадырғали шығармасы тілінде септеудің шағатайша-ұйғырша типі (көңіл+i+де, дарийа йақа +сы+да, ана+сы+ға) де, яғни н қыстырма дыбыссыз келгендері де бар. Бұл-Қадырғали заманындағы түркі жазба әдеби тілінің нормасы. Бұл жерде қазақ жазба әдеби тілінің шағатайлық нормадан біртіндеп бойын аулақ сала бастағы байқалады.

3) Р.Сыздықова шығыс септіктің екі түрлі вариантта: -дын және -дан түрлерінің жарыса қолданылуы да екі күштің, яғни қыпшақ тілдері мен көне ұйғыр жазба дәстүрінің «теке тіресінен» туған құбылыс деп түсіндіреді [2, 120], ал, Т.Қордабаев септік жалғауларының -д дыбысынан басталатын түрі жатыс, шығыс септіктерінде қолданылғанымен, қатаң -т дыбысынан басталатын түрі ешбір жалғауда кездеспейді. Ал шығыс септігінде тек -д дыбысынан басталатын жалғау ғана бар. Ол бірде -дан, -дән түрінде келсе, бірде -дын, -дін түрінде келеді дейді [3, 34].

4) Септік жалғаулары жуан-жіңішке болып, сөз түбірімен үйлесіп отырады, бұл – ескерткіш тілінің қыпшақ тілдерінің дауыстылар үндестігі деп аталатын нормасына бағынуы.

5) Қадырғали жылнамасының тіліне қарасақ, ескі қазақ жазба дәстүрінде етістіктің шақ, рай, есімше, көсемше категориялары қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің нормасымен келеді. Ара-тұра шағатай тілінің кейбір тұлғалары да қолданылғаны байқалады. Мысалы, бір-екі жерде есімшенің -ған жұрнақты тұлғасының орнына -мыш жұрнақты варианты және келер шақтың -ғусы / -гүсі жұрнақты түрлері түркі ескерткіштері тілдерінде бұрыннан келе жатқан дәстүрлі қолданыстар. Көсемшенің көне -у / -йу жұрнақты түрлері мұнда жоқ [2, 120].

Қазіргі қазақ әдеби тілімізде -п дыбысына аяқталатын етістікке көсемшенің -ып, -іп жұрнағы қосылғанда түбір соңындағы -п дыбысы -у дыбысына айналатын болса, сөз болып отырған еңбекте ол өзгермейді: тапып, япып, кепіп, т.б. Бұл – Ноғай группасына жататын басқа тілдерде де кездеседі.

Келер шақтық есімше қазіргі әдеби тіліміздегі -ар, -ер жұрнақтарымен қатар, қазіргі тілімізде кездеспейтін -ор, -өр, -ұр, -үр жұрнақтары арқылы да жасалған: тұрор, айтор, берөр, барор, көрөр, т.б.

Есімшенің ноғай группасына жататын тілдерде кездеспейтін – -мыш, -міш формалы түрлері де бар, бірақ бұл онша жиі қолданылмаған: айтмыш, келміш, ашылмыш т.б. Есімшенің бұл түрі, негізінде, Оғұз группасына жататын тілдерге кездеседі.

Көсемшенің қазіргі әдеби тілімізде бар түрлерімен қатар, тек қазақ тілі ғана емес, бүкіл ноғай группасындағы тілдерде кездеспейтін -ғач, -гәч формалы түрі де қолданылған және ол еңбекте жиі ұшырап отырады: барғач, дигәч, кіргәч, т.б. Бұл – қыпшақ группасына жататын біраз тілдерде де, Оғұз группасына жататын тілдерде де бар құбылыс.

Қазіргі тіліміздегі, -а-тын, -е-тін жұрнақты есімше бұл шежіреде кездеспейді, оның орнына тұрған көмекшісі қолданылады: айта тұрған, яба тұрған, көрә тұрған т.б [3, 34-35].

6) Қазақтың орта ғасырлардағы ауызша да, жазба да тілінде ауыспалы шақты білдіретін -ғай жұрнақты етістік тұлғасы жиі қолданылған, бұл осы күнгі -а+ды (болады, келеді дегендер сияқты) қосымшаларымен келген етістік тұлғасының мағынасын береді: қойын йылы болғай. Бұл сөйлемді қазіргіше айтсақ, қойын жылы, яғни қой жылы болады деген түрде келер еді.

7) Қимыл есімі -ғу / гү, -мақ / -мек жұрнақтарымен жасалған. Бұл да қазақ тілінен алшақтамайды.

8) Қадырғали автор -ман жұрнақты етістікті (барман, айтпан) дәл қазақ тіліндегідей шақтық мағынада жұмсайды. Шағатай тілінде бұл тұлғаның шақтық мағынада қолданылуы кемде-кем.

9) Кейбір жіктеу есімдіктерінің септелген түрлері өзге қыпшақ тілдеріне тән тұлғада келеді: менім, аның. Ал, мендін, сендін, меңе (менге), аңа, анар сияқты тұлғалар, әрине, шағатайлық [2, 120-121].

10) Қосымшалардың -л дыбысынан басталатын түрі үндестік заңына лайықты өзгермейді, барлық жағдайда -л дыбысынан басталады: атлар, маллар, ханлық, алмақлық, ішләмәклік, болғанлық, азықлық. Бұл – Ноғай группасына жататын, қазақ тілінен басқа тілдердің қай-қайсысында болса да бар қасиет.

11) Қазіргі тілімізде -мен, -пен, -бен формалары арқылы берілетін көмектестік, құралдылық мағына мұнда білә, білән, бірлә, бірлән шылаулары арқылы берілген.

12) Қазіргі әдеби тілімізде үшінші жақта айтылған етістікке көптік жалғауы жалғанбайтын болса, бұл еңбекте ол тәсіл өте жиі ұшырайды: болғанлар, көрділәр, ұрыш қылдылар, т.б [3, 35].

Р.Сыздықованың айтуынша, ш~с, ш~ч, й~ж дыбыстарының алмасуында Қадырғали шағатай тілінің лексикалық-орфографиялық нормасын қатаң сақтаған: бас емес, баш, қыс емес, қыш, жол емес, йол [2, 121].

Шежіреде кездесетін шылаулар басқа сөздермен тіркесу қабілеті жағынан да, орналасу тәртібі жағынан да біркелкі емес. Олардың кейбіреулері ешбір сөзді жетектемей, оны басқа сөздермен байланыстырмай, оған тек көмекші, үстеме мағына беріп, оның мағынасын күшейтіп тұрса, екінші біреулері сөздерді немесе сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, синтаксистік дәнекер қызметін атқарады. Мысалы: 1. Мыңар Туған уаншы, шул қаум журму ерді. 2. Уа бузург му'табар болуб өтті. 3. Өзі мың ағасы, мың бегі йасады. 4. Және бұл заманда оның оғландары ханның құлдығында бар еді. 5. Уа бір қарарда өз ләшкәрін билүр ерді лер. Бұл үзіндіде уа (және) жалғаулығы кейбірінің басында келіп, оларды бір-бірімен байланыстыру үшін, әрі қазіргі қазақ тіліндегі және жалғаулығы мәнінде қолданылған. Ескерткішке тән ерекшелік – уа (және) жалғауы арқылы әрбір сөйлемнің басталуы, осындай шылаулармен басталатын сөйлемдер жиі кездеседі [1, 107].

Қазіргі қазақ тілінде сирек те болса қолданылатын нешік сұраулық есімдігі бар екендігін және «Жами'ат-тауарихте» өйткені жалғаулығы мәнінде нечүн жалғаулығы кездеседі. Мысалы: Нечүк кім жалайыр, татар, ойрат, меркит уа тақы андын башқа ба'зи қаумлар моғул ішінде ерділер.

3. Жуынтаева -та демеулік шылауы жайлы: Бұл –дыбыстық құрамы, айтылуы жағынан қазіргі тіліміздегі да шылауының фогетикалық варианты сияқты. Бірақ, шындығында, олай емес, мұны қазіргі тілдегі да, та жалғаулығымен шатастыруға болмайды деген М.Серғалиевтың пікірін мысалдармен дәлелдеп көрсетеді. Мысалы: 1. Тариз Чингиз хан дын бурун аууал йад қылынды. Шыңғыс ханнан бері әуел жатқа алынды, яғни жазылды. 2. Та Оғуз заманында тарих бар ерді. Оғыз заманнан бастап тарих бар еді. 3. Һәр кітаптар да байан қылулар. Әрбір кітаптарда баян етілетін [1, 116].

Р.Сыздықова шежіреде кездесетін тұрақты тіркестерді грамматикалық құрылысына қарай етістік және есім тіркестер деп екіге бөліп қарастырады. Есім фразеологизмдердің ішінен ең алдымен тұрақты элементтермен келгендерін атаймыз. Мысалы, ақ хан. «Жами'ат-тауарихта» кездесетін йеті иқлим кәшүр /«жан жақ» /, аш арслан тек /«аш арыстандай», яғни «айбатты» /, төрт тарап, темүр қадақ, йақшы ат / «даңқ» /, раст көңүллі, йаман көңүл, ахта ат, татлы ет /«адам көңілді» / деген тіркестер де тура мағынасынан айырылған тұрақты эпитетпен келген деп көрсетеді.

Есім тіркестердің бір парасы күрделі атаулар болып келеді дей отырып, мынадай мысалдар келтіреді: туар қара /«ірі мал» /, күн туғыш / «күншығыс»/, күн көзі, ер оғул /«ер бала» /, оғлының оғлы / «немере» /, қыз қарындаш /«қарындас» /, йер йүзі, көңүл йүзі /«ойы, ниеті» /, ата йурты / «ұлысы» /. Термин атау болып келетін күрделі сөздерді де осындай тіркестердің қатарынан қарайды, олар: он бегі /«он кісінің басшысы» /, йүз бегі / «йүз кісінің билеушісі» /, мың бегі, мың ағасы /«мыңның әсіршісі» /, түмен бегі /«он мың кісінің әміршісі» /, чора ағасы /«хан күзетшілерінің басшысы» /, алач мыңы, алтын ханым /«ханша» /, хан оғлы /«оғлан, орысша «царевич» / [4, 36-37].

Қадырғали шежіресінде етістік тіркестер үлкен топ құрайды. Бұлар есім мен етістіктен тұрады да, қимылды, іс-әрекетті атайды. Р.Сыздықова ондай тіркестердің фразеологизм болып келетінін айта отырып, компоненттерінің біреуі, кейде екеуі де нормативтік мағыналарынан айырылғандарын, яғни метафораланғандарын /бейнелеу мәніне ие болғандарын /және сол түрінде тұрақты сипат алғандарын талдап көрсетеді. Олар: йуртын ал /«жаулау, бағындыру», айақ асты бол /«бағыну», көңлүдә тут /«есіндесақтау», уотан қыл / «мекендеу», сөзіндән чықмайын /«айтқаныңа көнейін», ләшкәр тарт /«жорыққа аттану», қыз ал /«үйлену», қан қой /«өжет қимыл көрсету», ел бол / «еркімен бағыну», қыз айттур /«қыз тілэ», қыз ата /«құда түсу», йаман көңүл бағла /«жаман ниет ойлау» т.т. Сонымен қатар, Қадырғали Жалайыридің тілі қазақ тіліне жақын, шежіреде есімді де, етістікті де тұрақты тіркестердің дені сөз құрамы, морфологиялық тұлғалануы және беретін мағынасы жағынан қазіргі қазақ тілінде бар тіркес үлгілерімен бірдей екенін дәлелдеді. Кейбіріне мысал келтірсек: айақ асты болды-аяқ асты болды, әшкәрін түшірді-әскерін түсірді, балдызлай берді-балдыздай берді, бір йашады-бір жасалы, дүния мүлкі-дүние мүлкі, душманларға көп дүр-дүшпандарға көп-ті, екі бөлінді-екі бөлінді, ел болды-ел болды, ит йүгүртқанлар-ит жүгірткендер, йапрақ дек тітірәткән-жапырақтай тітіреткен, йахшы атың-жақсы ат, йер йүзүндә-жер жүзінде, йолун тосуп-жолын тосып, көңүл қалышты-көңілі қалды, күнләрде бір күн-күндерде бір күн, куш чуйгәнләр-құс шүйгендер, ләшкәр тартты-ләшкәр тартты, үстүнә атланды-үстіне аттанды т.б.

Ғалым қаншама зерттеулерден кейін Қадырғали Жалайыридың ана тілі қазақ тілі болған деген шешімге келеді [4,38-40].

Біз қарастырып отырған еңбекте кездесетін жалғаулықтар мен сөз тіркестері қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда қолданыс аясы жағынан да, мағыналық тұрғысынан да ұқсастықтармен қоса айырмашылықтары да байқалады. Шежіреде назар аудартатын жәйттардың бірі қазіргі тілімізде қолданылып жүрген мен,бен,пен шылауларының «уа» түрінде келуі. Мысалы, Қыш уа йаз, ай уа йыл

хазина да бар малын хақ йолында ихсан қылған хан [5, 140]. Қыс пен жаз, ай мен жыл қазынадағы барлық мал-мүлкінді хақ жолында көңіліңнің кендігімен оларға қаражат қылған хансыз! [6, 176] Қазіргі тіліміздегі дегенмен шылауы шежіреде амма деп келтірілген. *Амма* Ахмад хан ның үч хатуны дын токуз оғул ерді [5, 232]. Дегенмен, Ахмед ханның үш хатунынан тоғыз ұлы (бар) еді [6, 116].

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген мысалдардан «Жами'ат-тауарихтың» тіліне қыпшақ тілінің де ұқсастығын байқаймыз. Бұл шежіренің тілі әлі де болса зерттеуді қажет етеді, лексикалық, грамматикалық тұрғыдан қыр-сыры бітпейтін ерекше туынды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жуынтаева З.Н. Тарихи мәтін синтаксисі. – Қарағанды, 2009. – 252 б.
2. Сыздықова Р.Г. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
3. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1964. – 244 б.
4. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым 1983. – 206 б.
5. Сыздықова Р.Г. Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. – Алма-Ата: Нарқа, 1989. – 243 б.
6. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.

Балаганова Ажар Бековна

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенті Петропавл қ.
esmatova@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:
Есмадова Меңдікыз
Тілеужанқызы

М.МАҒАУИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

М.Мағауин шығармалары тілінің шұрайлылығы, сөз байлығының молдығы, әрі халықтың қарапайым сөзін қиюластырып оқырманын селт еткізе әсер ететін шеберлігі мақал-мәтелдерді зерттеу барысында анықталады. Мақал-мәтел халықтың қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі, көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай ең бір мол саласы. Мақалада жазушы шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдердің тақырыптық топтары, олардың белгілі бір мақсатта қолданылғандығы, ерекшеліктері анықталады.

Кілт сөздер: *мақал-мәтелдер, көркем сөз, авторлық қолданыс, тақырыптық топтары, қарама-қарсылық, халық қазынасы.*

Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін универсалдық құбылыс. Мақал-мәтелдерді тіл фактісі тұрғысынан зерттеуші паремиолог-ғалымдардың пікіріне қарағанда, олар, ең алдымен, өзінің мән-мағынасы, мазмұны мен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты назар аудартады.

Мақал-мәтелдердің шығу тарихы мен пайда болу жолдары, тілі жақын туыстас халықтар үшін ортақтығы, логикалық сәйкестік, образдылық, бейнелеу тәсіліндегі шендестік, т.б. толып жатқан мәселелер паремиологияның объектісіне жатады. Солардың ішінде мақал-мәтелдерді мән-мағынасына және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты топтастыра зерттеу ерекше орын алады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің бәрі, негізінен, жай сөйлем түріндегі тұрақты сөз тіркестеріне жатады, олар тұлғасы жағынан ұзақ уақыттан бері қалыптасып, белгілі бір формада тұрақталған, мазмұны жағынан біртұтастыққа ие болған жай сөйлем типтері. Мысалы: *-Ата көрген оқ жонар*, - деді Омар ақсақал сөзін жалғап, *-Әмір марқұм мына Қазының әкесін айтам*, сол кездің өзінде аңшы иттерінің тұқымын асылдандырып бітіп еді. Желмен жарысқан не бір жүйрік қырандар өтті ғой бұл өңірде («Тазының өлімі», 10-бет). Ал өзіме түк те істей алмайсың, *«Ақ иіліп бүгілмес» деген*, мен қан төккен адаммын («Тазының өлімі», 23-бет). Жөн-ақ, қарағым, *жалғыздың жары құдай деген*, ол да осы сендей жалғыз (сонда, 34-бет).

Мақал-мәтелдер - халық данышпандылығының айнасы, оларды тудырған халықтық тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің